

Түркістан облысы. Шардара ауданы.
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы
жалпы орта мектебі

Тақырыбы:

«Тәуелсіздік ұландары»

Шардара қаласы 2021ж.

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет

**«Тәуелсіздік ұландары» тақырыбындағы соңғы қоңырау салтанатты
жиынның**

Б А Ғ Д А Р Л А М А С Ы

Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу.
Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге, білім- ғылымға
құштарлығын арттыру. Салауатты өмір салтын ұстануға,
рухани адамгершілікті қалыптастыруға баулу.

1-жүргізуші: Бүгін қандай шаттық толы кеш еді,
Көңіл шіркін, тасып-толып өседі.
Ұл кешегі жігіт болып қалыпты,
Бой жетіпті бантикті қыз кешегі.

2-жүргізуші: Бастайтын жолға сан тарап
Басталсын көне салтанат
Дәл осы сәтті біздермен
Тойлайды бар ел шартарап

1-жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар, ата-аналар және оқушылар!
Қиындығы мен қызығы мол тағы бір оқу жылы артта қалды. Баршаңызды оқу
жылының аяқталуымен құттықтаймыз.

2-жүргізуші: «Тәуелсіздік ұландары» тақырыбындағы соңғы қоңырау
салтанатты іс-шарасына қош келіпсіздер.

1-жүргізуші: Салтанатты мерекеміздің құрметті қонақтарымен таныс
болыңыздар:

1.
-
2.
-
3.
-
4.
-
5.
-

2-жүргізуші:

Ұрпағың мақтануға болса лайық,
Біз бүгін мақтанайық жар салайық.
Биылғы бітіруші түлектерді,
Құрметпен қошеметпен қарсы алайық.

1-жүргізуші: 11 жыл бойы оқыған,
Ойға білім тоқыған.
Ағалар мен апалар,
Орындалды ойыңыз,

2- жүргізуші: Мемлекеттік ту әкелінсін: Ту ұстаушы оқу үздігі : Қалдыбек Елырза, жанындағы алтын белгі иегерлері : Абдыш Алтынай, Әмір Ұлжалғас .

1-жүргізуші: Туды қабылдаушылар: Мектебіміздің Ұлан басы: Бағбай Жасұлан, жанындағы оқу үздіктері : Абдыш Ақұржым, Сәрсен Дина .

2-жүргізуші: Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалсын!

1-жүргізуші: 2020-2021 оқу жылының «Тәуелсіздік ұландары» тақырыбындағы салтанатты іс-шарасын ашып беруге мектеп директоры: Нұрымбет Жалғас Жүнісұлы мен оқу ісі меңгерушісі: Қосбай Наурызбай Есейұлына және де құрметті қонақтарымызға сөз кезегін беруге рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші: Сұлу дала! Менің сүйген еркемсің,
Жаның жайсаң жаратылған өлкемсің.
Қандай жақсы қазақ болып туғаным,
О, туған жер, тамашасың, көркемсің!

Ән: «Мектеп» орындайтын 11 «ә» сынып оқушылары
Бағбай Аружан, Аманқос Қадиша

1-жүргізуші: Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Ақкудай калықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде.

Би: «Қоштасу вальсі». орындайтын мектеп бітіруші түлектеріміз.

2- жүргізуші: Бірге жүрдік, 11 жыл, бірге ойнадық,
Бірге оқыдық 11 жыл, бірге ойладық
Келді бүгін қоштасатын кезіміз,
Актық рет мектеп тойын тойладық.

Ән: «Қимай тұрмын» орындайтын 11 «а» сынып

оқушылары

1- жүргізуші: Көрмеген артық сөйлеп артық күліп,
Шәкірттерін баулыды тәртіпті қып.
Шақырайық вальске түлектерді
Қоштасудың вальсін айтып тұрып.

2 -жүргізуші: **Ән: «Ыстық ұя».** Ортаға бітіруші түлектерімізді шақыралық.

1-жүргізуші: Сол бір сәттер енді қайта келер ме?
Балалығым біз өзінді қимаймыз,
Алтын ұя мектебім мен аяулы
Ұстаздарым өздерінді қимаймыз.
Қош бол енді балалығым бал дәмім
Мен өзінді ғұмыр бойы аңсаймын

2- жүргізуші : **Ән «Қош бол, мектебім»** орындайтын бітірушілер тобы.

1-жүргізуші: Көгершіндей самғандар түлектерім,
Орындалсын өмірде тілектерің.
Үнімен соңғы естіген қоңыраудың.
Дірілдеді-ау ерекше жүректерің

2-жүргізуші: Соңғы қоңырау соғылады.

1-жүргізуші: Мемлекеттік ту шығарылсын.

2-Жүргізуші : Құрметті қонақтар мен ата-аналар және бітіруші түлектер бүгінгі **«Тәуелсіздік ұландары»** тақырыбындағы соңғы қоңырау салтанатты жиыны осымен аяқталды. Қош сау болыңыздар!

Тексерілді: ДТІЖО

М.Әділхан
Л.Қалиева

Дайындаған:
Б.Туреев